

Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы туралы" № 46/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2023 жылғы 5 мамырдағы № 29/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 мамырда № 6410-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 19/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 28.03.2025 № 19/02 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы туралы" №46/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1945 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Булекпаев

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 5
мамырдағы
№ 29/01
Қаулысына қосымша
Қарағанды облысы
әкімдігінің 2012 жылғы
"24" қыркүйектегі № 46/01
қаулысына қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы туралы

№ р/н	Объект атауы	Объекттер мекенжайы
1.	"Умай" сауда орталығы	Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, К.Маркс көшесі, 9 үй
2.	"Корзина" сауда үйі	Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 22 ықшамауданы, 24 үй
3.	"Альфа" дүкені	Приозерск қаласы, Достық көшесі, 5 үй
4.	"Журихин Александр Сергеевич" жеке кәсіпкерінің үй-жайы	Саран қаласы, Кужанов көшесі, 2 үй
5.	"Евразия" сауда үйі, 1 қабат	Теміртау қаласы, Бейбітшілік даңғылы, 104 үй
6.	№10 дүкені	Шахтинск қаласы, К.Маркс көшесі, 46
7.	"Үміткерім" дүкені	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Бөкейхан көшесі, 19 үй
8.	"Универмаг" дүкені	Бұқар-Жырау ауданы, Ботақара кенті, Бұқар жырау көшесі, 88 үй
9.	Орталық кітапхана жүйесі	Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Бөкейхан көшесі, 41 үй

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК